

Дене шынықтыру және спорт саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 333 бұйрығы.

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабы 5-тармағының екінші бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1 - қосымшаға сәйкес "Инструктор-спортшы" кәсіптік стандарты;
- 2) осы бұйрыққа 2 - қосымшаға сәйкес "Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер" кәсіптік стандарты;
- 3) осы бұйрыққа 3 - қосымшаға сәйкес "Бокс жаттықтырушысы" кәсіптік стандарты ;
- 4) осы бұйрыққа 4 - қосымшаға сәйкес "Дене шынықтыру жетекшісі" кәсіптік стандарты;
- 5) осы бұйрыққа 5 - қосымшаға сәйкес "Спортшы" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберу;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Маржықпаев

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
2023 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 333 бұйрығына 1-қосымша

"Инструктор-спортшы" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Инструктор-спортшы" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы, 5-

тармағына сәйкес әзірленді, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және міндеттерді шешуге бағытталған, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) дене шынықтыру және спорт жөніндегі нұсқаушы – кәсіптік білімі бар, оқу-жаттығу процесін практикалық қамтамасыз етуді, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын, оның ішінде бейімдік дене шынықтыруды және спортты жүргізуді жүзеге асыратын жеке тұлға;

4) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

5) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

6) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

7) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

9) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

10) салалық мемлекеттік органдар – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

11) Ұлттық біліктілік жүйесі – біліктілікке еңбек нарығы тарапынан сұранысты және біліктілікке білім беру, оның ішінде информалды білім беру жүйесі тарапынан ұсынысты реттеу мен келісудің құқықтық және институционалдық құралдары мен тетіктерінің кешені;

12) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге

асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) БА – біліктілік анықтамасы;
- 2) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 4) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Инструктор-спортшы.

5. Кәсіптік стандарттың коды: R93120069.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.12 Спорт клубтарының қызметі;

93.12.0 Спорт клубтарының қызметі.

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.13 Фитнес-клубтардың қызметі;

93.13.0 Фитнес-клубтардың қызметі;

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.19 Спорт саласындағы өзге қызмет;

93.19.0 Спорт саласындағы өзге қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Тұрақты жаттығулар өткізу және спорттық жарыстарды ұйымдастыру кезінде спортшыларды даярлау мен оқытуды жүзеге асыру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

Инструктор-спортшы - СБШ 6 - деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| | |
|--|--------------------|
| 9. "Инструктор-спортшы" кәсіп карточкасы | |
| Топтың коды: | 3422-3 |
| Қызмет атауының коды: | 3422-3-008 |
| Кәсіптің атауы: | Инструктор-спортшы |
| | |

| | | | |
|--|--|--|------------------|
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 6 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 6.1 | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | | | |
| Кәсіби білім деңгейі: | Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура) | Мамандық: (Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау) | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | | | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс: | талап етілмейді | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 3422-1-002 Дене шынықтыру жөніндегі инструктор | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Спорт және дене шынықтыру, дене шынықтыруға тартылғандардың спорттық даярлығы және саласындағы дамуға нұсқаушы-әдістемелік қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Дайындықтың жеке жоспарын, оқу-жаттығу және жарыс тапсырмаларының жүктемесін орындау. 2. Спорттық нәтижелерді арттыруды қамтамасыз ететін дайындықтың жалпы дене тәрбиелік және арнайы деңгейлерін қамтамасыз ету. 3. Жеке дайындық жоспарында қарастырылған тапсырмалардың орындалуы бойынша есеп жүргізу. | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | - | |
| | 1-дағды: Жасы мен жынысының спорттық-сауықтыру кезеңіне топтарды қабылдау стандарттарына сәйкестігі. | <p>Машықтар:</p> <p>1. Сабаққа арналған жаттығулар кешенін таңдау кезінде балалардың, жасөспірімдердің психофизикалық ерекшеліктерін және мотивациясын ескеру.</p> <p>2. Балалар мен жасөспірімдердің үйлесімді физикалық дамуы үшін оңтайлы жаттығулар кешені мен жүктеме көлемдерін таңдау.</p> <p>3. Сақтандырудың әдістері мен техникалар қолдану.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Балалар мен жасөспірімдердің анатомиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері.</p> <p>2. Дене шынықтыру және дене дамуымен айналысатындардың мотивациялық аясын диагностикалаудың негізгі әдістері.</p> <p>3. Балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі және дене дамуы бойынша жұмысты ұйымдастыру.</p> | |

| | | |
|---|--|--|
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | талап етілмейді |
| | 2-дағды: Жалпы дене және арнайы дайындық сабақтарының мазмұнын жоспарлау және оқыту | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар мен жасөспірімдерге этикалық мінез-құлық ережелерін және өзін-өзі сақтандыру әдістерін оқыту. 2. Жаттығулар кешенін орындау кезінде балалардың , жасөспірімдердің іс-әрекетін үйлестіру, қозғалыс әрекеттерінің техникасындағы қателерді анықтау. 3. Балалар мен жасөспірімдердің спорттық жарыстарға қатысуға деген ынтасын дамыту. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар мен жасөспірімдердің анатомиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері. 2. Спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды сақтау ережелері. 3. Тұлғаны тәрбиелеу теориясы және жалпыадамзаттық адамгершілік нормаларын қоса алғанда, дене тәрбиесі педагогикасының негіздері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | талап етілмейді |
| <p>Еңбек функцияларының тізбесі:</p> <p>1-еңбек функциясы: Дайындықтың жеке жоспарын, оқу-жаттығу және жарыс тапсырмаларының жүктемесін орындау.</p> <p>2-еңбек функциясы: Спорттық нәтижелерді арттыруды қамтамасыз ететін дайындықтың жалпы дене тәрбиелік және арнайы деңгейлерін қолдау</p> <p>3-еңбек функциясы: Жеке дайындық жоспарында қарастырылған тапсырмалардың орындалуы бойынша есеп жүргізу.</p> | 1-дағды: Студенттерге спорт түрі (спорттық пән) бойынша сабақтарды өз бетінше ұйымдастырудың негізгі базалық принциптері бойынша кеңес беру | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Спорттық дайындық стандарттарына сәйкес бастапқы дайындық топтарына түсетін тұлғалардың дайындығын бағалаудың әдістері мен техникаларын қолдану. 2. Спорттық-сауықтыру топқа түскендердің, бастапқы дайындық топтарына антропометриялық, физиологиялық, психологиялық көрсеткіштер бойынша жеке қабілеттерін анықтау үшін заманауи технологияларды қолдану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 Дене шынықтыру және дене дамуымен айналысатындардың мотивациялық сферасын диагностикалаудың негізгі әдістері. 2. Жаттығу құрылғыларында оқыту әдістерінің негіздері. 3. Сабақ бағдарламасында қолданылатын жаттығулар кешені, дене шынықтыру, денені дамытуға арналған іс-шаралар. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | талап етілмейді |
| | 2-дағды: Бастапқы оқу топтарының жасақтау | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Салауатты өмір салтын ұстанудың пайдасын түсіндіру. 2. Спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды пайдаланудың оңтайлы режимдерін анықтау. 3. Спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды пайдаланудың ұтымды және қауіпсіз әдістерін көрсету. <p>Білімдер:</p> |

| | |
|--|--|
| <p>құрамын әдістемелік негіздеу үшін стандарттарды білу</p> | <ol style="list-style-type: none"> 1. Спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтардың жұмыс істеу ережелері және пайдаланудың оңтайлы режимдері. 2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен байланыс құралдарын пайдалану ережелері. 3. Жалға берілетін спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды пайдалану кестесін жасау және түзету. |
| <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> | <p>талап етілмейді</p> |
| <p>1-дағды: Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі сақтандыру әдістері мен техникасын үйрету</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қатысушыларға дене шынықтыру жаттығулары кезінде жарақаттану мен физикалық жағдайдың нашарлауының жалпы және ерекше қауіп факторларын, қатысы бар адамдардың этикалық мінез-құлық нормаларын түсіндіру. 2. Оқушылардың дене қасиеттері мен қабілеттерін дамытуға қызығушылық пен ынтасын қалыптастыру. 3. Халықтың әртүрлі санаттары үшін тестілеу стандарттарын (тесттерін) енгізуге дайындалу үшін сабақтарды өткізу әдістемесін қолдану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дене шынықтыру сабақтары кезіндегі бақылау әдістері. 2. Даму психологиясы мен білім беру негіздері. 3. Жұмыс орнында жұмыс істейтіндердің жұмыс күні ішінде және (немесе) жұмыстан кейінгі көрсеткіштерін қалпына келтіру үшін арнайы ұйымдастырылған дене жаттығуларының бағдарламасы, жоспары. |
| <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> | <p>талап етілмейді</p> |
| <p>2-дағды: Оқыту сабағының мазмұнын қалыптастыру</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Айналысатындардың оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, жалпы дене және арнайы дайындық міндеттерін анықтау. 2. Спорт (спорттық пән) бойынша сабақтың құрылымын және жүктемені мөлшерлеу ерекшеліктерін түсіндіру. 3. Спорт түріне (спорттық тәртіпке) арналған жаттығуларға сәйкес әртүрлі жаттығулар жиынтығын ұтымды және қауіпсіз біріктіру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Спорт (спорттық пән) бойынша сабақтарға, оның ішінде электрондық құралдарды пайдалана отырып, қатысуды есепке алу нысандары. 2. Спорт түрлері ережесі (спорттық пән). 3. Дене тәрбиесі және спортпен айналысуға қойылатын гигиеналық талаптар мен нормативтер. |
| | |

| | | |
|---|--|---|
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | талап етілмейді |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: | Ұқыптылық Дербестік және жауапкершілік Жүйелі ойлау Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі: | - | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіп атауы: |
| | 6 | Дене шынықтыру бойынша нұсқаушы. |
| | 6 | Бейімделетін дене шынықтыру нұсқаушысы. |

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі.

Орындаушы: Бектенова А.Б., +7 (702) 911 55 11, A.Bektenova@tsm.gov.kz.

11. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар): Спорт және дене шынықтыру істері комитеті.

Басшы: Бектенова А.Б., E-mail: A.Bektenova@tsm.gov.kz., телефон нөмірі: 7 (702) 911 55 11.

Орындаушылар: Шакенова Г.Б., +7 (707) 420 14 09, g.shakenova@tsm.gov.kz

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 12.12.2023 ж.

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 01.12.2023 ж.

14. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: - 13769/26 13.12.2023 ж.

15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: нұсқа 1, 2023 ж.

16. Бағдарлы қайта қарау күні: 31.12.2026 ж.

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
2023 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 333 бұйрығына 2-қосымша

"Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы, 5-тармағына сәйкес әзірленді, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және

міндеттерді шешуге бағытталған, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) дене шынықтыру – мәдениеттің құрамдас бөлігі, адамның дене бітімін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, дене тәрбиесі мен дене бітімін дамыту арқылы оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы;

4) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

5) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

6) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

7) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі;

8) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

10) дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер – кәсіптік білімі бар, оқу-жаттығу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді және оған басшылық жасауды, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуді жүзеге асыратын жеке адам;

11) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

12) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

13) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;
- 2) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер.

5. Кәсіптік стандарттың коды: R93110051.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.11 Спорт имараттарын пайдалану;

93.11.0 Спорт имараттарын пайдалану.

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.12 Спорт клубтарының қызметі;

93.12.0 Спорт клубтарының қызметі.

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.19 Спорт саласындағы өзге қызмет;

93.19.0 Спорт саласындағы өзге қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Халықтың дене тәрбиесі бойынша іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

дене шынықтыру жөніндегі әдіскер – СБШ 5 -деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. "Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер" кәсіп карточкасы | |
|--|----------------------------------|
| Топтың коды | 3422-1 |
| Қызмет атауының коды | 3422-1-005 |
| Кәсіптің атауы | Дене шынықтыру жөніндегі әдіскер |
| | |

| | | | |
|---|--|--|------------------|
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі | 5.1 | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | | | |
| Кәсіби білім деңгейі | Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) | Мамандық: Дене тәрбиесі және спорт | Біліктілік: - |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар | жоқ | | |
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс | талап етілмейді | | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары | 3422-3-009 Спорт жөніндегі әдіскер | | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Халықты спорт және дене шынықтыру, дене шынықтыру және спорттық даярлау саласындағы әдістемелік қызметті жүзеге асыру. | | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | <p>1. Халықтың денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру.</p> <p>2. Жаттықтырушылар құрамының жұмыс бағытын үйлестіру, оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және оқу топтарының сапалы жасақталуын қамтамасыз ету .</p> <p>3. Оқу-жаттығу және тәрбиелік процестердің нәтижелерін үйлестіру.</p> | |
| | Қосымша еңбек функциялары: | - | |
| 1-дағды: Спорттық жабдықтар мен керек-жарақтардың қолданылуы | | <p>Машықтар:</p> <p>1. Спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды қауіпсіз пайдалану әдістемелерін, спорттық құрал-жабдықтар мен жабдықтарды пайдаланудың оңтайлы режимін таңдау принциптерін түсіндіру және көрсету.</p> <p>2. Сабақтар мен іс-шаралар бағдарламасында қарастырылған жаттығулар кешенін орындау.</p> <p>3. Спорттық құрал- жабдықтарды пайдаланудың оңтайлы режимдерін анықтау.</p> | |
| | | <p>Білімдер:</p> <p>1. Сабақтар, дене шынықтыру және дене шынықтыру жаттығулары ұйымдастырылатын жерде өзін-өзі ұстау ережелері.</p> <p>2. Дене шынықтыру, дене дамуы саласындағы жеке тұлғалардың мотивациялық сферасын диагностикалаудың әдістерінің негіздері.</p> | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Халықтың денсаулығын нығайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру | Дағдыны тану мүмкіндігі : | 3. Сабақ бағдарламасында қолданылатын жаттығулар жиынтығы, дене шынықтыру, денені дамытуға арналған іс-шаралар. талап етілмейді |
| | 2-дағды: Спорттық жабдықтарды рәсімдеу | Машықтар: 1. Демонстрациялық, дыбысты күшейтетін және жарықтандыру спорттық жабдықтарды қолдану. 2. Жалға берілетін спорттық құрал- жабдықтарды пайдалану кестесін жасау және түзету. 3. Спорттық жабдықтарды жалға алу және қайтару бойынша құжаттарды рәсімдеу. Білімдер: 1. Спорттық жабдықтарды сақтау ережелері. 2. Спорттық құрал-жабдықтарды жалға алу үшін салымды (салымның бір бөлігін) қабылдау және қайтару қағидалары. 3. Спорттық жабдықтарды уақытша пайдалануға беруге және қайтаруға, жалға алынған спорттық жабдықтарға келтірілген залал фактілерін анықтауға және кепілге байланысты ұстауға құжаттарды рәсімдеу тәртібі. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | талап етілмейді |
| 2-еңбек функциясы: Жаттықтырушылар құрамының жұмыс бағытын үйлестіру, оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және оқу топтарының сапалы жасақталуын қамтамасыз ету | 1-дағды: Дене қасиеттерін дамытуға арналған арнайы жаттығулар жиынтығы | Машықтар: 1. Қатысушыларға дене шынықтыру жаттығулары кезінде жарақат алудың және дене жағдайының нашарлауының жалпы және арнайы қауіп факторларын түсіндіру. 2. Қатысушылардың дене қасиеттері мен қабілеттерін, әлеуметтік-демографиялық және жас-гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жаттығулар жиынтығын таңдап, қолдану. 3. Қатысушылардың қауіпсіздік техникасы мен әдістерін қолдану. Білімдер: 1. Әлеуметтік-демографиялық және жас-гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, дене қасиеттерін, қабілеттерін дамытуға арналған дене шынықтыру жаттығуларын, сабақтарын өткізу әдістемесі. 2. Дене шынықтыру сабақтары кезіндегі бақылау әдістері. 3. Дене шынықтыру сабақтарының құрылымы және дене жаттығуларының элементтері. |
| | Дағдыны тану мүмкіндігі : | талап етілмейді |
| | 2-дағды: | Машықтар: 1. Бақылау-өлшеу аспаптары мен спорттық құралдарды қолдану. 2. Қатысқандардың дене дайындығын бағалау үшін көрсеткіштерді жіктеу жүйесін пайдалану. |

| | | |
|---|--|---|
| | <p>Бастапқы оқу топтарының штаттық құрамын әдістемелік негіздеу стандарттарын білу</p> | <p>3. Өртүрлі кешендерді ұтымды және қауіпсіз біріктіру.</p> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам ағзасының физикалық белсенділікке жедел және ұзақ мерзімді реакциясы, бейімделу механизмдері. 2. Қозғалыс әрекетінің биомеханикасының негіздері. 3. Спорт түрлері ережесі (спорттық пән). |
| | <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> | <p>талап етілмейді</p> |
| <p>3-еңбек функциясы: Оқу-жаттығу және тәрбиелік процестердің нәтижелерін үйлестіру</p> | <p>1-дағды: Студенттерді оқыту үшін оқу-әдістемелік сабақтардың жоспарын, практикалық сабақтардың жоспарын құру</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаттығушыларды оқытуға арналған теориялық және практикалық нұсқаулық және әдістемелік сабақтар кешенін жоспарлау. 2. Жаттығушылардың дене дайындығының деңгейін бағалау үшін жіктеуіш көрсеткіштер жүйесін қолдану. 3. Қауіпсіздік әдістері мен тәсілдерін көрсету. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Спортшылардың дене дайындығын бағалауға арналған жіктеу көрсеткіштерінің жүйелері. 2. Суға батқан адамдарды құтқару тәсілдері мен құралдары. 3. Дене-техникалық дайындық сабақтарына көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. |
| | <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> | <p>талап етілмейді</p> |
| | <p>2-дағды: Оқушылардың білімін тексеру және бағалау</p> | <p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қатысушыларды оқытуға арналған теориялық және практикалық нұсқаулық және әдістемелік сабақтар кешенін жоспарлау. 2. Жаттығушылардың дене дайындығының деңгейін бағалау үшін көрсеткіштерді жіктеу жүйесін қолдану. 3. Қауіпсіздік әдістері мен тәсілдерін көрсету. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тәуліктік диетаны құрастыру кезінде ұсынылатын азық-түлік өнімдерінің шамамен тізімі. 2. Спорттық дағдыларды үйрету сабақтарына қойылатын гигиеналық талаптар мен стандарттар. 3. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері. |
| | <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> | <p>талап етілмейді</p> |
| <p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p> | <p>Дербестік және жауапкершілік Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл Стратегиялық ойлау Күйзеліске тұрақтылық Тез шешім қабылдай білу</p> | |

| | | |
|--|---|--|
| | Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізбесі: | жоқ | |
| СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс: | СБШ деңгейі: | Кәсіп атауы: |
| | 5 | Спорт бойынша әдіскер |
| | 5 | Дене шынықтыру және спорт бойынша нұсқаушы |

4- тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі.

Орындаушы: Шакенова Г.Б., +7 (707) 420 14 09, g.shakenova@tsm.gov.kz

11. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар): Дене шынықтыру және спорт комитеті.

Басшы: Бектенова А.Б., E-mail: A.Bektenova@tsm.gov.kz, телефон нөмірі: +7 (702) 911 55 11.

Орындаушылар: Шакенова Г.Б., +7 (707) 420 14 09, g.shakenova@tsm.gov.kz

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 12.12.2023 ж.

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: - 13769/26 13.12.2023 ж.

14. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2023 ж.

16. Бағдарлы қайта қарау күні: 31.12.2026 ж.

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрінің
2023 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 333 бұйрығына 3-қосымша

"Бокс жаттықтырушысы" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Бокс жаттықтырушысы" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы, 5-тармағына сәйкес әзірленді, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және міндеттердің кең ауқымын шешуге бағытталған, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы – спортшыны даярлаудың оқу-жаттығу процесін және оның спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін бәсекелес қызметіне басшылықты жүзеге асыратын жеке тұлға;

4) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

5) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

6) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

7) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы –Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

9) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

10) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

11) Ұлттық біліктілік жүйесі – біліктілікке еңбек нарығы тарапынан сұранысты және біліктілікке білім беру, оның ішінде информалды білім беру жүйесі тарапынан ұсынысты реттеу мен келісудің құқықтық және институционалдық құралдары мен тетіктерінің кешені;

12) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

2) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

3) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

4) БА – біліктілік анықтамасы.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Бокс жаттықтырушысы.

5. Кәсіптік стандарттың коды: R93120090.

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.12 Спорт клубтарының қызметі;

93.12.0 Спорт клубтарының қызметі.

R Өнер, ойын-сауық және демалыс:

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет;

93.1 Спорт саласындағы қызмет;

93.19 Спорт саласындағы өзге қызмет;

93.19.0 Спорт саласындағы өзге қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Бокстан спортшыларды дайындау және спорттық жарыстарға дайындықты ұйымдастыру. Бокстан спортты үнемі жетілдіру және жоғары спорттық нәтижелерге жету үшін болашағы зор спортшыларды іріктеу.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

бокс жаттықтырушысы - СБШ 5- деңгейі

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| | | | |
|--|--|---------------------------------------|-------------|
| 9. "Бокс жаттықтырушысы" кәсіп карточкасы | | | |
| Топтың коды: | 3422-2 | | |
| Қызмет атауының коды: | 3422-2-004 | | |
| Кәсіптің атауы: | Бокс жаттықтырушысы | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 5 | | |
| СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі: | 5.1 | | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі: | | | |
| Кәсіби білім деңгейі: | Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат) | Мамандық: Дене тәрбиесі және спорт | Біліктілік: |
| Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар: | жоқ | | |
| | | | |

| | | |
|--|---|--|
| Формалды емес және информалы біліммен байланыс: | талап етілмейді | |
| Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: | 3422-1-009 жаттықтырушы, бапкер | |
| Қызметтің негізгі мақсаты: | Бокстан жаттықтырушыларды боксты оқытудың және оқытудың заманауи әдістеріне үйрету, сондай-ақ боксшылармен жұмыс жасауда олардың кәсіби шеберлігін арттыру. | |
| Еңбек функциялардың сипаттамасы | | |
| Еңбек функцияларының тізбесі: | Міндетті еңбек функциялары: | <p>1. Боксқа арналған жаттығулар жиынтығын, барлық бұлшықет топтарын күшейтуге арналған күш бағдарламаларын таңдау.</p> <p>2. Жоғары деңгейде шешім қабылдау арқылы стратегияны анықтау, процестер мен әрекеттерді, соның ішінде жоғары деңгейде инновацияларды басқару.</p> <p>3. Бокстан оқу-тәжірибелік мақсаттарға жету дәрежесін анықтау.</p> |
| | Қосымша еңбек функциялары: | <p>қажет емес</p> <p>Машықтар:</p> |
